

**Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 3 " Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр, Тамды елді-мекендері аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 маусымда № 3553 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 28.02.2020 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жосалы ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 3 "Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр, Тамды елді-мекендері аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3270 тіркелген, 2013 жылғы 20 маусымдағы "Сырым елі" газетіне жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр, Тамды елді-мекендері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр, Тамды елді-мекендері аумағында ұсақ мал арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК